



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 маусымдағы N 516 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1213 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2006 жылға арналған 004 "Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптау" республикалық бюджеттік бағдарламасын бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 маусымдағы N 516 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада :

"Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі" деген бөлімде: реттік нөмірі 22-жолдың 2-бағанында "салу" деген сөз "қайта жаңарту" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі